

## Оңтүстік Қазақстан облысының Білім департаментіне аккредитив ашу және оның қолданылу мерзімін ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 1431 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Республикалық бюджет комиссиясының:

1) Оңтүстік Қазақстан облысының Білім департаментіне республикалық бюджеттен берілетін нысаналы инвестициялық трансферттер есебінен іске асырылатын инвестициялық жоба бойынша "Темірәлі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Шымкент филиалымен жасалған 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 6 шарт және 2004 жылғы 28 желтоқсандағы оған қосымша келісім бойынша аккредитив ашу туралы;

2) аккредитивтің қолданылу мерзімін 2005 жылғы 15 наурызға дейін ұзарту туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*